**Қысқа мерзімді сабақ жоспары**

| | |
|---|---|
| **Күні:**.22.11.18 | **Мұғалімнің аты-жөні: Бирмуканова А. М** |
| **Сынып:** 5 А | **Қатысқандар 17 Қатынаспағандар: 1** |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Өсімдіктер әлемі |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары:** | 5.4.7.4.Сипаттау мәтіндері арқылы оқушылардың санасында қоршаған ортаның табиғи бейнесін қалыптастыру. |
| **Бағалау критерийлері** | Мәтіннен тірек сөздерді тауып, мәтін мазмұнын ашатын сұрақтар қоя арқылы өз ойларын анық жеткізу, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру. |
| **Сабақтың мақсаты:** | **Барлық оқушылар** : көмекші құралдар арқылы тақырыпты болжайды<br>**Оқушылардың көпшілігі** : **оқушылар** ұсынылған суреттер бойынша сабақ тақырыбының, мәтіннің жалпы мазмұнын түсінеді, тірек сөздерді табады<br>**Кейбір оқушылар** тақырыптағы негізгі ойды анықтайды, өз пікірін білдіреді. Сөздерді көркемдік ерекшеліктеріне сай қолданылады |
| **Күтілетін нәтижелер:** | Өсімдіктер (бидай) жайлы ақпарат алады, адамдар үшін пайдасының маңыздылығын біле отырып, дұрыс сөйлем құра біледі. |
| **Сабақтың түрі:** | жаңа сабақ |
| **Пәнаралық байланыс:** | Жаратылыстану, музыка |
| **Қажетті құрал-жабдықтар:** | Интерактивті тақта, слайдтар, үнтаспа, плакат, парақтар, маркерлер, түрлі түсті бояулар |
| **Оқыту әдістері:** | Сұрақ-жауап, талдау, қосжазба күнделігі, топтастыру, сұрақтар шеңбері, баяндау. |
| **Дереккөздер:** | әдістемелік құралдар, дидактикалық материалдар |
| **Тапсырмалар:** | топтық, жекелей, жұппен |

**Сабақтың барысы:**

| **Жоспарланатын уақыт** | **Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер** | **Дереккөздер** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы | I.**Ұйымдастыру кезеңі.**<br>**Топқа бөлу**<br>**Амандасу**<br>**Оқушыларға психологиялық ахуал туғызу.**<br>Сынып реттілігін қадағалау |   <br>«көңіл толқыны» күй |

| | | |
|---|---|---|
| 5 мин<br><br>1+3 мин<br>АКТ<br><br>3 мин | Оқушыларды түгендеу. Оқу құралдарын байқау.<br>**Бір-бірімізді тыңдаймыз десек 1 рет**<br>**Ұйымшыл боламыз десек 2 рет**<br>**Белсенділік танытамыз десек 3 рет шапалақтаймыз»**<br>**Топтық жұмыс ережесі**<br><br>**Үй жұмысын тексеру.**<br>65- бет, 8- тапсырма. Түс жоруға қатысты сөйлемдердегі қарамен жазылған сөздердің синонимін, антонимін тауып жаз.<br>Өткен сабақта біз қандай ережелермен таныстық ?<br>**<u>Тыңдалым алды</u>**<br>**<u>Қызығушылықты ояту</u>**<br>Оқушылар суретке қарай отырып , бүгінгі сабақтың тақырыбын болжайды.<br>✓ Сонымен бүгінгі сабағымыздың тақырыбы не болмақ?.<br>Сабақтың тақырыбы- Өсімдіктер әлемі<br>Сабағымыздағы оқу мақсаты: Сипаттау мәтіндері арқылы оқушылардың санасында қоршаған ортаның табиғи бейнесін қалыптастыру.<br>**Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Рухани жаңғыру- ұлт болашағы»- деген .**<br>**Елімізді жаңғырту, дамыту үшін не істеуіміз қажет?**<br>-Жақсы оқып, білімді болуымыз қажет.<br><br>**Миға шабуыл**<br>**«Өсімдіктер»** туралы сөзжұмбақ<br>1. Қысы-жазы жап- жасыл боп тұратын қылқанжапырақты ағаш (шырша)<br>2. Алматы қаласының символына айналған жеміс (алма)<br>3. Ал қызыл түсті әдемі дала гүлі (қызғалдақ)<br>4. Күй талғамай кез келген жерде өсетін ағаш (қарағай)<br>5. Ыстық жақта өсетін , өткір иісті дәрілік шөп (адыраспан)<br>6. Қабығы қатты, тәтті шырынды бақша дақылы (қарбыз)<br>7. Астық тұқымдасына жататын, ең маңызды тағамдық дақыл (бидай) | ойнайды<br><br>Оқулық 64-65- беттер<br><br><br><br><br>таныстырылым |
| Сабақтың ортасы<br>(Білу, түсіну)<br>5+4 мин | **Мәтінді тыңда.**<br>**Тапсырма «Мәтінмен жұмыс»**<br>Шарты: мәтінді мұқият тыңдаймыз. Түртіп алып отыруға болады. | Диск |

<table>
<tr>
<td>3+3 мин<br><br>4+1 мин<br><br>3 мин</td>
<td>

**Сергіту сәті.**<br>
**Шаттық шеңберін құру**<br>
Дөңгеленіп тұрайық,<br>
Күннің көзін құрайық.<br>
Күн жылуын шашайық.<br>
Бір-бірімізге күлімдеп

**Тыңдалымнан кейін.**

**ТЖ**

**<u>Айтылым</u>**

Мәтін мазмұнын ашу үшін

Не туралы?

Тірек сөздерді табу.

Топтар бір- біріне сұрақтар қояды.

**ЖЖ**

**Тапсырма.«ДҰРЫС», «БҰРЫС»,**

<table>
<tr><td></td><td>ДҰРЫС</td><td>БҰРЫС</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>

**<u>Жазылым</u>**

**<u>ЖЕ. Тапсырма «Жылдам жазу» әдісі</u>**

Шарты: « Бидайдың адамзатқа пайдасы» атты тақырыбында ойыңды нақты мысалдармен дәлелде.

«Автор орындығы»

Қалауы бойынша 2-3 оқушы жазғандарын ортаға шығып оқиды, қалғандары бағалайды

ҚБ «Екі жұлдыз, бір ұсыныс» (не ұнады, ұсыныс)

</td>
<td>Кеспе қағаздар<br><br><br><br></td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы<br><br>2 мин</td>
<td>КЕРІ БАЙЛАНЫС<br>« Түймедақ»<br></td>
<td>таныстырылым</td>
</tr>
</table>